

**"Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 25 қыркүйектегі № 227 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 қазанда № 8846 тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 43-1-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 6923 болып тіркелген, 2011 жылғы № 21 Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) мынадай өзгерістер

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидасын бекіту туралы» ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидасы бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидасы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидасы (бұдан әрі - Үлгілік қағида) Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 7-бабы 12-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мәдениет саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) мен облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган) ұйымдастыратын республикалық конкурстар мен фестивальдерді (бұдан әрі – конкурстармен (немесе) фестивальдер) өткізу тәртібін белгілейді.» ;

2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) фестиваль - музыка, театр, цирк, эстрада, кино және басқа да өнер түрлерінің

жетістіктерін көрсету (байқау), мәдени-көпшілік қатысатын мереке.»;

3-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Фестивальдер және (немесе) байқауларды өткізу тәртібі.»;

19-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Қазылар алқасы бағаларының критерийлері:

- 1) орындаудың сапалық деңгейі;
- 2) орындаушылық шеберлігі (орындаушының, аранжировкаларының дербестігі);
- 3) жұмыстағы жаңашылдық деңгейі мен инновациялық көзқарасы.

Конкурстар және (немесе) фестивальдер шығармашылық қызметтің түрлі салаларында өткізілетін болғандықтан Қағидада қосымша критерийлер көзделуі мүмкін»

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет  
к о м и т е т і :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде бекітілген  
заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен ресми жариялануын, жарияланғаннан  
кейін мәліметті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Заң  
қызметі департаментіне ұсынсын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*М. Құл-Мұхаммед*